

**"Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819  
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 872 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 қазанда № 14283 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 16-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9984 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сотталғандарды мекемеге қабылдауды мекеме бастығының кезекші көмекшісі (бұдан әрі – кезекші) арнайы бөлім мен медициналық бөлім қызметкерлерінің қатысуымен мекеменің бақылау-өткізу пунктінде жүзеге асырады. Қызметкерлерді үстеме жұмыстарға тарту Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сотталғандарды мекемеге қабылдау уақытында кезекші сотталғандардың жеке істері бар қағаз пакеттердің тұтастығын, сондай-ақ мастикалық мөрлерінің тұтастығы мен бар-жоғын тексереді, келген сотталғандарды жеке іс құжаттарымен (жеке басын куәландыратын құжаттар, мамандығының бар-жоғы туралы куәлік, медициналық картасы және жеке ісі бойынша басқа да құжаттар) салыстырады, келген сотталғандардың киімінің маусымға сәйкес келуін тексереді. Қағаз пакет немесе мастикалық мөр бүлінген жағдайда қарауыл бастығымен бірлесіп акті (еркін нысанда) жасайды.

Сотталғанның фотосуреті, сауалнамалық деректері жеке ісі бойынша анықтамамен сәйкес келмеген, мекемеге келген сотталғандардың маусым бойынша киімі, жеке істерінде құжаттары, денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болмаған жағдайда комиссия осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке істе

құжаттардың барын тексеруге арналған салыстыру актісін жасайды және оны шаралар қабылдау үшін инстанциялар бойынша жолдайды.

Жеке істе сотталғанды тәртіптік изоляторға немесе жалғыз адамдық камераға қамау туралы материалдар болған жағдайда ол көрсетілген үй-жайға тәртіптік жаза өтелмеген мерзімге ауыстырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Медициналық қызметкер дене жарақаттарын, тері және жұқпалы ауру белгілерін анықтау мақсатында сотталғандарды сыртқы қарауын өткізеді. Дене жарақаттарын анықтау фактісі туралы жазбаша түрде қадағалаушы прокурорға дереу хабарланады. Бұдан әрі сотталғандарды шомылдыру және толық санитарлық тазарту жүргізіледі. Бұдан кейін сотталғандар карантин бөлімшесіне орналастырылады, онда оларға, сондай-ақ ӨББА-ға және ӨЖ-ге сотталғандарға ұзақтығы 15 тәулікке дейін медициналық бақылау белгіленеді, медициналық тексеру жүргізіледі. Карантин бөлімшесінде болу кезеңінде сотталғандар жазаны өтеудің дағдылы жағдайында болады. Мекеме психологтары жаңадан келген сотталғандардың жеке басын зерделеу, оларды жаңа жағдайға бейімдеу бойынша жұмыс жүргізеді. Өзіне-өзі қол жұмсауға, өз денесіне қасақана қандай да бір зақым келтіруге және басқа да заңға қайшы әрекеттерге бейім адамдар анықталады. Зерделеу нәтижелері бойынша жаңадан келген сотталғанның әрқайсысына психологиялық портрет жасалады, мекеменің тиісті қызметіне олармен жұмыс істеу бойынша ұсынымдар енгізіледі. Осы кезеңде жұқпалы аурумен ауыратындар анықталған жағдайда, олар оқшауландырылады, мекемеде эпидемияға қарсы іс-шаралар кешені жүргізіледі.

Сотталғанды карантин бөлімшесінен тәртіптік изоляторға, жалғыз адамдық камераға немесе медициналық санитарлық бөлімнің стационарына ауыстырған жағдайда осы үй-жайда ұсталуы карантин бөлімшесінде болу мерзіміне есептеледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталғандарды және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі балалар үйлеріндегі балаларды тамақтандырудың және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің заттай нормаларын және сотталғандардың киім нысандары үлгілерін, сондай-ақ Қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босатылатын адамдардың тұрғылықты жеріне немесе жұмысына жету үшін ақысыз жол жүрумен, тамақпен немесе ақшамен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 1255 қаулысына сәйкес сотталғандарды киім-кешек мүлкімен, кереуетпен және төсек жабдықтарымен қамтамасыз етіледі. Жатын үй-жайында көзге көрінетін жерде сотталғандардың жатын орындарының орналасу схемасы орнатылады. Жатын орындары ауыстырылмайды және перделенбейді.

Кереуетті жинау үлгісі осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген.

Түнгі ауысымдағы жұмыстан кейін демалып жатқандар мен төсек тартып жатқан ауруы бойынша босатылғандардан басқа сотталғандарға күн тәртіптемесімен ұйықтауға бөлінбеген уақытта жатын орындарын пайдалануға жол берілмейді.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мекеме қызметкерлері сотталғандармен "Сіз" деп сөйлеседі және оларды " сотталған азамат", "сотталған азаматша" деп, тегі немесе аты мен әкесінің аты бойынша атайды. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде қызметкерлер сотталғандармен "сен" және "тәрбиеленуші" деп, сондай-ақ атымен де атай алады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Сотталғандар асханаға күн тәртібімен белгіленген сағатта таза киім мен аяқ киімде келеді.

Тамақтану жасақ, бөлімше, бригада бойынша асханада немесе жұмыс объектілеріндегі тамақ тарататын үй-жайда жүзеге асырылады. Егер асхана тұрғын және өндірістік аймақтардың түйіскен жерінде орналасса, жұмыстағы ауысымды тамақтандыру тұрғын аймақтағы адамдарды өндірісте жұмыс істейтін сотталғандардан оқшаулауды қамтамасыз ете отырып, асханада ұйымдастырылуы мүмкін.

Сотталғандарға асханадан азық-түліктерді және ыдыс-аяқтарды шығаруға жол берілмейді.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Тәртіпті сақтау және сотталғандардың даулы жағдайларына жол бермеу мақсатында тамақтану кезінде асханаларда мекеме әкімшілігінің өкілдері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери қызметшілері болады.";

52-тармақ алынып тасталсын;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Сотталғандардың мекенжайына келіп түскен сауқат, сәлемдеме және бандерольдер олардың ішіндегілерінің тізбесі мен салмағы сәлемдемелер мен бандерольдерді беруді есепке алу журналына тіркеледі, оның нысаны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 20 тамыздағы № 536 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларында (бұдан әрі - ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру қағидалары) көрсетілген.

Бір сауқаттың немесе бандерольдің ең жоғары салмағы "Пошта туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген Пошта байланысы қызметтерін көрсету қағидаларына сәйкес айқындалады.

Бір сәлемдеменің салмағы бір сауқатқа белгіленген салмақтан аспауы тиіс.";

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Өтініштер адресатқа мекемелердің әкімшілігі арқылы жөнелтіледі. Олар мекеменің арнайы есепке алу бөлімдерінде тіркеледі және үш тәуліктен кешіктірілмей адресатқа жіберіледі, ол туралы сотталғанға қолын қойдырып, хабарланады.";

152-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"152. Сотталғандардың жеке гигиена заттарын қоспағанда, жеке заттары сақтау камераларына тапсырылады. Сотталғандарға тиесілі темекі бұйымдары мен сіріңке, оттықтар сақтау камераларындағы арнайы жабдықталған шкафтарда (жәшіктерде) сақталады. Сотталғандардың сақтау камераларынан заттарын және тамақ өнімдерін алуы бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.";

3-қосымшада:

Ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

1. Күн тәртібі әр мекемеде жергілікті жағдайларға, күннің ұзақтығына, жыл маусымына қарай жасалады.

2. Егер сотталғандар өндірісте бірнеше ауысыммен жұмыс істеген жағдайда, күн тәртібі әр ауысым үшін жасалады.

3. Карантин бөлімшесінде, жазаны өтеудің қатаң жағдайында, жалғыз адамдық камераларда, тәртіптік изоляторларда, уақытша оқшаулау үй-жайларында, сондай-ақ камералық ұстау жағдайларында ұсталатын сотталғандардың күн тәртібі жеке белгіленеді.";

6-қосымшада:

сотталғандардың омырауға және қолға тағатын белгілері үлгілерінің сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сотталғандардың омырауға және қолға тағатын белгілері үлгілерінің сипаттамасы

Омырау белгісі сотталғанның өлшемі 30x40 мм фотосуретімен өлшемі 90x40 мм тікбұрыш түріндегі ақ түсті материалдан дайындалады.

Белгі жасалатын жерде баспахана бояуымен сотталғанның тегі, аты-жөні және жасақ (бөлімше) нөмірі көрсетіледі, ал шет-шеті бойынша ені 5 мм жиек жасалады.

Сотталғандардың қатарындағы бригадирлер және шеберлер тек жұмыс орнында ғана өлшемі 300x120 мм тікбұрышты нысанда "Бригадир", "Шебер", "Сотталғандардың ерікті ұйымы" деген тиісті жазулары бар байланатын шүберек тағып жүреді.

Омырау белгілері киімге кеуденің оң жағына тігіледі, қолға тағатын белгілер сол қолдың жеңіне тағылады.";

8-қосымшада:

Сотталғандардың өздерінде болуға, сауқаттар, сәлемдемелер мен бандерольдер арқылы және мекемелердің дүкендерінен сатып алуға рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізбесінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) темекі бұйымдары, сіріңке, қолшамы және өзге де бейімделген құралдары жоқ оттықтар (кәмелетке толмаған сотталғандардан басқа);";

9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) алюминий немесе тамақ өнімдеріне арналған пластикалық негіздегі ыдыс (кружка, қасық, тәрелке), электр шәйнегі, зауытта жасалған электр су қайнатқыштар, олар жасақтың тамақтану бөлмелерінде сақталады;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) үстел ойындары (шашка, шахмат, домино, нард, тоғыз құмалақ);

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) жылытуды қажет етпейтін тамақ өнімдері (қайнатуды немесе пісіруді қажет етпейтін тез дайындалатын азықтық концентраттар), шай, ерігіш кофе, құрғақ және қоюлатылған сүт, табиғи шырын, балшырын, қантсыз және спиртсіз негіздегі шербат, металл немесе шыны ыдыстағы емес алкогольсіз ішімдіктер;"

23) тармақшаның орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін бір данада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Б.Б. Бисенқұловқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Б.М. Бердалин) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК